



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Ақпан 2024

2024 жылғы ақпанда жылдық инфляция 9,3%-ға дейін баяулады. Бір айдағы баға өсімі 1,1%-ға дейін жеделдеді.

Азық-түлік құрылымында қарақұмық жармасы, күнбағыс дәнінің біршама қоры жиналғанына байланысты өсімдік майлары мен қарақұмық бағасы одан әрі арзандады. Сондай-ақ, қант өндірушілер бағаны арзандатқандықтан, қант бағасы да төмендегені байқалады. Жем дақылдары арзандағанына байланысты ет бағасының өсімі баяулады. Сонымен қатар, өндірушілер бағаны өсіргендіктен, жеміс-жидек пен көкөніс, жұмыртқа мен сүт өнімдері бір айда тағы да қымбаттады.

Азық-түліктен басқа тауарлар ішінде аудиовизуалды жабдықтар мен фотоаппаратуралардың бағасы қымбаттағаны байқалды. Сондай-ақ дәрі-дәрмек өндірушілер бағаны өсіргеніне байланысты фармацевтикалық өнімдер қымбаттады. Қатты отын бағасы да әрі қарай өсті.


Ақылы қызметтердің ішінде шаштараздар мен жеке қызмет көрсету мекемелерінің қызметі, ұялы байланыс қызметі, қоғамды тамақтандыру қызметі, амбулатория қызметі бағасының ай сайынғы өсімі жеделдеді. Ақпан айында реттелетін коммуналдық қызмет бағасының күрт өскені байқалады.

Жылдық инфляция он екі ай қатарынан баяулап, 2024 жылғы ақпанда 9,3% болды. Бір айдағы баға өсімі 1,1%-ға дейін жеделдеді (1-кесте).


Маусымдық факторлар ескерілмеген инфляция 0,9%-ға дейін жеделдеді. Аннуализацияланған көрсеткішке тоқталсақ, коммуналдық қызметтің кей түрлері, аудиовизуалды жабдықтар мен фотоаппаратуралар, тұрмыста пайдаланылатын құралдар мен құрылғылардың қымбаттауы қарқын алып, 11,9%-ға (2024 жылғы қаңтарда – 9,2%) дейін жеделдеді.

Сонымен қатар, біршама тауарлар мен қызметтердің маусымдық факторлар ескерілмеген аннуализацияланған бағасының өсімі мақсатты көрсеткіштен және 2017-2021 жылғы ақпандағы және орташа тарихи өсімнен асып түсті (2-кесте).

1-кесте. Инфляция көрсеткіштері, а/а




2-кесте. Әртүрлі ТБИ топтары бойынша маусымдық факторлар ескерілмеген баға өсімі, а/а, аннуал., %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Әртүрлі әдістермен¹ есептелген маусымдық факторлар ескерілмеген базалық инфляцияның орташа мәні үш ай қатарынан жеделдеп, а/а 0,81% (аннуализацияланған мәнде – 10,2%) болды, бұл инфляцияның тұрақты бөлігінде баға өсімі аздап жеделдегенін білдіруі мүмкін (3-кесте).



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түлік бағасының өсімі жылдық мәнде 7,4%-ға дейін баяулады (қаңтарда – 8,2% ж/ж). Нан-тоқаш пен жарма, ет және ет өнімдері, сүт өнімдері, жеміс-жидек пен көкөніс бағасының жылдық өсімі әрі қарай баяулауын жалғастырды. Осы тауарлардың жылдық азық-түлік инфляциясына қосқан жиынтық үлесі 5,3 п.т. болды (4-кесте).



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

¹ Базалық инфляция – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Қысқартылған орташа мән сол айдағы бағалардың ең аз 10% және ең көп 10% маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерін есептен шығару арқылы есептеледі; ең құбылмалы 8 компонентсіз базалық инфляция инфляциядан соңғы 2 жылдағы бағалардың маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерінің стандартты ауытқуы ең жоғары 8 компонентті алып тастау арқылы анықталады; медиана – сол айда маусымдық факторлар ескерілмеген бағаның өзгеруін бөлудің 50% процентилі. Қазақстан Ұлттық Банкі базалық инфляцияны көптеген тәсіл арқылы бағалайды. Есептеу әдістемелерінің сипаттамасы Ұлттық Банктің ресми сайтында «Қазақстанның базалық инфляцияны бағалау әдістері» мақаласында жазылған.

Азық-түлік бағасының айлық өсімі 2024 жылғы ақпанда 0,8%-ға дейін баяулады (қаңтарда – 1,1%).

Нан-тоқаш өнімдері мен жарма бағасы өткен жылы бидайдың шығымы аз болғанына байланысты ауыл шаруашылығындағы бидай өндірушілер бағасының өсіп, ұнның 1%-ға (а/а) қымбаттауынан 0,6%-ға (а/а) өсті. Еттің қымбаттауы жем дақылдары бағасының төмендеуі аясында екінші ай қатарынан баяулады (өсім – 0,2%).

2024 жылғы ақпанда жарманың кей түрлері арзандады. Оның ішінде қарақұмықтың біршама қоры жиналғанына, сондай-ақ қарақұмық өндірушілердің бағасы арзандағанына байланысты қарақұмық жарманың бағасы 2,4%-ға (24,3%, ж/ж) түсті. Күнбағыс дәнінің қоры біршама жиналғандықтан, күнбағыс майының бағасы 2%-ға (а/а) арзандады (жыл басынан бері баға 21,2%-ға төмендеді). Бұл биыл жыл басында күнбағыс дәнін экспорттауға енгізілген тұрақты баж салығына² байланысты болып отыр. Қант өндірушілердің бағасы төмендегендіктен қант бағасы да түсіп, 1,4%-ға (а/а) арзандады.

Жаңа піскен көкөністі өндірушілер бағаны қымбаттатқанына байланысты жеміс-жидек пен көкөніс бағасының 3,1%-ға (а/а) қымбаттауы азық-түлік бағасының өсуіне ықпал етті. 2024 жылғы ақпанда жұмыртқа өндірушілердің бағасы өскендіктен жұмыртқа қымбаттай (1,1%, а/а) түсті. Сондай-ақ, сүт өнімдерін өндірушілер бағаны көтеріп, сүт өнімдері бағасының өсімі 1%-ға (а/а) дейін жеделдегені байқалады.

2024 жылғы ақпанда барлық негізгі азық-түліктің ішкі бағасы сыртқы бағадан тағы да асып түсті. Бұл ретте тек дәнді дақылдар бағасының дифференциалы кеңейгені байқалады. Өсімдік майлары мен қант бағасының дифференциалы ішкі бағаның төмендеуі әсерінен, ал ет бағасы сыртқы бағаның өсуінен қысқарды. 2024 жылғы ақпанда теңгенің АҚШ долларына шаққандағы номиналды айырбас бағамының нығаюы теңгедегі сыртқы бағалардың баяу өсуіне ықпал еткенін айтып өткен жөн (5-кесте).

2024 жылғы қаңтарда төмендеген дәнді дақылдардың әлемдік бағасы Оңтүстік жарты шар елдеріндегі жүгері жинау науқанының жалғасуына байланысты биылғы ақпанда 5,0%-ға (а/а) (22,4%-ға ж/ж) төмендей түсті. Нарықтағы қызу бәсекелестік жалғасып, ұсыныстың көбеюі жүгері бағасының 9,9%-ға (а/а) төмендеуіне әсер етті (37,1% ж/ж). Ал күріш кейбір өндіруші елдерде егін жинау науқанының басталуына байланысты, сондай-ақ импорттық сұраныстың әлсіздігіне байланысты 1,6%-ға (а/а) арзандады. 2024 жылғы ақпанда дәнді дақылдардың ішкі және сыртқы бағаларының дифференциалы кеңейгені нан-тоқаш өнімдері мен жармалардың ішкі бағасы өсіп, дәнді дақылдардың әлемдік бағасы төмендегеніне байланысты болды.

Еттің сыртқы және ішкі бағалары арасындағы дифференциалдың алшақтығы қысқарды. Мұны ет өнімдерінің әлемдік бағасы жоғарылап, ішкі бағаның өсімі сақталғанымен байланыстыруға болады. 2024 жылғы ақпанда әлемдік ет бағасы 1,8%-ға (а/а) (0,8% ж/ж) өсті. Бұған, негізінен, негізгі импорттаушы елдер тарапынан сұраныстың артуы аясында құс еті мен сиыр еті бағасының өсуіне байланысты болды.


2024 жылғы ақпанда өсімдік майларының әлемдік бағасының арзандауы және өсімдік майларының ішкі бағасының жедел төмендеуі аясында дифференциалдың біршама қысқарғаны байқалады. Әлемдік бағаның түсуі (1,3% а/а, 11,0% ж/ж) Оңтүстік Америка елдерінде мол экспорт ұсынысы мен соядан мол өнім күту аясында соя және күнбағыс майы бағасының төмендеуіне байланысты болды.

Осыған ұқсас жағдай қанттың ішкі және сыртқы бағасының динамикасында да байқалды. Баға дифференциалы 2024 жылғы ақпанда әлемдік бағаның өсуі мен қанттың ішкі бағасының төмендеуінен екінші ай қатарынан қысқаруды жалғастырды. Биылғы ақпан айында қанттың әлемдік бағасының а/а-ға 3,2% өсуі (12,5% ж/ж) Бразилияда жауын-

² Интернет-ресурс: Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі. URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/doc/178165/rus>

шашынның аз түсуіне байланысты қант қамысынан аз өнім жиналуы мүмкін деген алаңдаушылыққа байланысты болды. Сондай-ақ, әлемдік бағаның өсуіне Таиланд пен Үндістан, басқа да негізгі өндіруші елдердегі қант өніміне қатысты пессимистік болжамдар ықпал етті.

5-кесте. Кей азық-түлік тауарларының әлемдік және ішкі бағасының динамикасы³, теңгемен, 2019 жел. = 100




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеулері

2024 жылғы ақпанда **азық-түлік емес тауарлар** бағасының жылдық өсімі одан әрі баяулап, 8,5% болды (қаңтарда – 8,6%). Бұл тауарлар құрылымында жеке пайдаланылатын тауарлар, киім-кешек пен аяқкиім, тұрмысқа қажет заттар бағасының жылдық өсу қарқыны баяулағаны байқалады. Бұл ретте биылғы ақпанда қатты отын мен автокөлік бағасының жылдық өсімі жеделдеді (6-кесте).

Азық-түлік емес тауарлар бағасының айлық өсімі 0,7%-ға дейін жеделдеді (қаңтарда – 0,5%). 2024 жылғы ақпанда инфляцияның азық-түлік емес тауарлар компонентіндегі өсіміне сұраныстың артуы аясында аудиовизуалды жабдық пен фотоаппаратураның 3,5%-ға (а/а), тұрмысқа қажет құралдардың 2,2%-ға (а/а) қымбаттауы әсер етті. Дәрі-дәрмек фармацевтикалық препараттарды өндірушілер бағасының өсуі аясында а/а 1,2%-ға қымбаттады. Қатты отын бағасы өсе түсті (0,8% а/а).

³ Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамын ескергендегі 2019 жылғы желтоқсаннан бергі (2019 жылғы желтоқсан = 100) тиісті индекстердің өзгеруі.


6-кесте. Тауарлардың азық-түлік емес инфляциядағы үлесі



2024 жылғы ақпанда **ақылы қызмет бағасының** өсімі жеделдеп, ж/ж 12,8% болды (қаңтарда – 12,3% ж/ж). Бағаның бір айдағы өсімі 1,7% (қаңтарда – 0,7%) болды (7-кесте).


Ақылы қызметтер құрылымында кей қызметтердің ай сайынғы өсімі, атап айтқанда, шаштараздар мен жеке қызмет көрсету мекемелері қызметінің бағасы – 1,3%-ға, амбулаториялық қызмет – 2,1%-ға, телефон және факсимильдік байланыс қызметтері – 2,6%-ға, қоғамдық тамақтандыру қызметі – 1,2%-ға жеделдегені байқалады.

7-кесте. Ақылы қызметтердің жылдық инфляциядағы үлесі



2024 жылғы ақпанда реттелетін коммуналдық қызмет тарифінің бір айдағы өсімі 4,3% болды. Оның ішінде салқын су – 8,3%-ға, су бұру – 7,3%-ға, жылу – 10,7%-ға, ыстық су – 11,6%-ға қымбаттады. Электр қуаты мен газбен қамту құны өзгерген жоқ (8-кесте).

8-кесте. Өңірлер бойынша реттелетін ЖКҚ бағасының өсуі, 2024 жылғы қаңтар-ақпан, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Өңдеуші өнеркәсіптегі өндіруші кәсіпорындардың бағасы аралық тауарлар бағасының қысқаруы нәтижесінде түсті.


Өсімдік шаруашылығындағы бағаның арзандауы және мал шаруашылығындағы бағаның баяу өсімі аясында 2024 жылғы ақпанда ауыл шаруашылығындағы өндірушілер бағасының төмендеуі жылдық мәнде баяулады.

Өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілердің бағасы 2024 жылғы ақпанда жылдық мәнде 1.8%-ға төмендеді. Бұл аралық тауарлар бағасының арзандауына байланысты болды (9-кесте). Сонымен қатар, өнеркәсіп сипатындағы қызметтердің бағасы өсті.

9-кесте. Өнеркәсіптегі бағалар



10-кесте. Ауыл шаруашылығындағы бағалар



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2024 жылғы ақпанда азық-түлік өндірушілердің бағасы жылдық мәнде 3,5%-ға төмендеді (2024 жылғы қаңтарда ж/ж 3,6%-ға төмендеді).

Ұн-жарма өнімдері мен май өндірушілер бағасының төмендегені байқалады. Сонымен қатар сусындар, ет өнімдері, нан-тоқаш және макарон өнімдерін өндірушілердің

бағасы өсті. Жеміс-жидек пен көкөністі өңдеу, консервілеу бағасының төмендеу үрдісі баяулады.

Азық-түлік емес тауарлар ішінде автокөлік өндірушілер бағасының жылдық өсу қарқыны баяулады. Киім-кешек, жуу және тазалық құралдарын өндіру бағасында өсім байқалады. Сондай-ақ жиһаз өндірісінде де баға үздіксіз өсті.

2024 жылғы ақпанда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің бағасы баяу төмендеп, жылдық 4,1% болды (2024 жылғы қаңтарда ж/ж 4,8%-ға төмендеген) (10-кесте). Өсімдік шаруашылығында дәнді дақылдардың, атап айтқанда, бидай, жүгері, арпа және қарақұмық бағасы төмендеді. Майлы дақылдар мен кептірілген бұршақ дақылдары бағасының төмендеу үрдісі жалғасуда. Жем-шөп дақылдары арасында жем-шөп астығының бағасы айтарлықтай төмендеді (18,4% ж/ж). Мал бағасының өсуі және құс бағасының баяу арзандауы аясында мал шаруашылығында баға өсімі байқалады. Сондай-ақ, жұмыртқа мен табиғи бал өндірушілердің бағасы айтарлықтай өсіп отыр (16,2% ж/ж және 15,5% ж/ж), сонымен қатар шикі сүт бағасының өсімі де баяулады (4,4% ж/ж).